



Ақпан айы. 2025ж

Міндеті	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Балалардың ыдыстарды мақсатына қарай (ас үй, шай, асхана) жіктей білуін қалыптастыру; ыдыс-аяқ, олардың мақсаты және жасалған материал туралы түсініктерін кеңейту.		
ҮІӘ:	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
Қазақ тілі	«Мөлдіреген аппақ қыс» (сурет бойынша әңгіме)	Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыру іскерлігін жетілдіру. Қысқа байланысты таппақ, сұрақ- жауап арқылы тіл байлығын байыту. Оларды бақылауға тәрбиелеу.	06.02.2025
	«Көліктер»	Көлік түрлерімен (әуе, жүк, жеңіл, су) таныс тыру. Мәтін мазмұнын дұрыс, рет-ретімен айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын дамыту. Жолда жүру ережесін сақтауға, мейірімділікке, ұқыптылыққа, достыққа, көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.	13.02.2025
	«Электротехникалық тұрмыстық заттар»	Балалардың сөздік қорын тұрмыстық электротехника заттарының атауларымен байыту. Олардың қолданысын түсіндіру. Сұрақ – жауап арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	20.02.2025
	«Мамандықтың бәрі жақсы» (сурет бойынша әңгіме)	Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру, еңбекке деген қызығушылықтарын ояту, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	27.02.2025